

Кожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мәжілісінің

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

31.10.2023 ж.

Қатысқандар: түгел
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

- ББ пәндері бойынша контенттердің порталға толық және сапалы жүктелгенін тексеру.
- ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау.
- Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы бес жылда ОПК құрамының біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтерді тексеру.
- Қазан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау
- Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алдып, өз сезінде Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелерін қайта тағайындал, келіскендігі туралы анықтап алды. Комиссияның 2023-2024 оқу жылына жоспарын талқыладап, бекітуге ұсынды.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның ережесімен таныстырылып, танысқаны туралы белгі қойылды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы №595 бүйрүгімен бекітілген «Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» 36-бабына сәйкес факультетте сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін құру мақсатында комиссия мүшелері қайта тағайындалды.

Комиссия төрағасы: Т.Назарбек

Мүшелері: Г.Низова, Н.Жунисов, Р.Садыбеков, Г.Искендірова, Ф.Шукенова,, А.Ағабекова, О.Мейірбекова, А.Кибишов, Ш.Бабахан, Е.Қоқанбай-МЭЭ-211, А.Ордабек-АЭЭ-011, К.Абдуллаева-ААЖ-011, Қ.Полатбековалар тағайындалғанын атап айтты.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелері бір ауыздан қолдады.

Шешім: 1.1. Комиссияның 2023-2024 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсынылысын.

1.2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелері қайта жасақталысын.

Екінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алдып, өз сезінде 2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламалары білім беру саласындағы ҚР заңнамаларына енгізілген жаңа нормаларды ескере отырып, құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жоғарғы оқу орындарының академиялық және басқару персоналдарының әлеуітін атап айтты.

Электр инженериясы кафедрасының аға оқытушысы О.Мейірбекова сөз алдып, өз сезінде кафедрага қарасты 6B071 Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты, 6B062 Электр техникасы және энергетика, 6B07153 - Электр энергетикасы білімгерлер үшін Білім Беру бағдарламалары мерзімді жаңартылғанын, ЖББП Реестрінде тіркелуін және мазмұны мен құрылымы талаптарға сәйкес ресімделуіне мониторинг жүргізгенін атап айтты. Сонымен қатар, модульдер бойынша құзіреттердің үйлестірілуі, пәндер бойынша құзіреттердің үйлестірілуі, құзіреттілік бағытпен оқытудағы соңғы нәтижелер, бақылау нәтижелері, бағалаудың жалпы ережелері бойынша жылына 1 рет қайта қаралып, жаңартылғанын, еңбек нарығының, жұмыс берушілердің, білім алушыларың пікірлері

ескерілгенін, сауалнамалар арқылы анықталғанын айтты.

Дайындық бағыты: 6B071 Инженерия және инженерлік іс, Білім беру бағдарламаларының тобы: B064 Механика және металл өндеу, Білім беру бағдарламасы:6B07189 – Машина жасау мамандықтарына білімгерлер қабылданбаганын айтты.

Компьютерлік инженерия кафедрасының аға оқытушысы Н.Жунисов сөз алғып, өз сөзінде 6B061 Ақпараттық-коммуникалық технологиялар даярлау бағыты бойынша B057 Ақпараттық технологиялар ББ кодымен 6B06151-Ақпараттық жүйелер,6B06181-Ақпараттық өндөу және деректерді визуализациялау, 6B06182-Компьютерлік инженерия білімгерлер үшін ББ жаңартылғанын айтты.

Шешім: ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкес жасалып, ҚР ФжБМ Реестрінде тіркелу кадағалансын

Үшінші мәселе бойынша Электр инженериясы кафедрасының аға оқытушысы О.Мейірбекова сөз алғып, өз сөзінде ББ Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына сәйкес білім беру қызметіне койылатын біліктілік талаптарына, Оку жоспарының пәндеріне сәйкес оқытушылармен қамтамасыз етілуі, оқытушылар білімінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі, сондай-ақ олардың "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" ғылыми дәрежесінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігіне мониторинг жүргізілетінін атап айтты.

Шешім: ББ Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуына мониторинг жүргізуі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы: *Назарбек* Т.С.Назарбек

Хатшы: *Искендерова* Г.С.Искендерова